

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

5В071100 – Геодезия және картография мамандығы бойынша
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітілген (№5 хаттама «05» маусымның 2015ж.). Алматы, ҚазҰТЗУ, 215.

Каталогта мамандық бойынша элективті пәндер (таңдау бойынша) тізімі, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттері, пәнді оқу мақсаты, қысқаша мазмұны, күтілетін нәтижелері енгізілген.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады

Академиялық дәрежесі: техника және технология бакалавры

2 – ші курс

№	Модуль атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Се м е ст р
1	Жалпыкәсіби дайындау модулі	БД 2.2.6	TMOI 2206.	Геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу теориясы	3	3
2	Жалпыкәсіби дайындау модулі	БД 2.2.6.1	MZ 2206.1	Математика есептері	3	3
3	Жалпыкәсіби дайындау модулі	БД 2.2.7	NGKG2207	Сызба геометрия және компьютерлік графика	3	3
4	Жалпыкәсіби дайындау модулі	БД 2.2.7.1	IG2207.1	Инженерлік графика	3	3
5	Математикалық дайындау және физика модулі	БД 2.2.8	FPG 2208	Қолданбалы геодезиядағы физика	3	3
6	Математикалық дайындау және физика модулі	БД 2.2.8.1	FZ 2208.1	Физикалық есептеулер	3	3
7	Профильді дайындау модулі	ПД 2.3.1	IG 2301	Инженерлік геодезия	3	3
8	Профильді дайындау модулі	ПД 2.3.1.1	Kart 2301.1	Картатану	3	3
9	Профильді дайындау модулі	ПД 2.3.2	Aefs 2302	Аэрофототүсіріс	3	3
10	Профильді дайындау модулі	ПД 2.3.2.1	KMK 2302.1	Картометрия және математикалық картография	3	3
11	Профильді дайындау модулі	ПД 2.3.2.2	II 2302.2	Инженерлік геодезиялық ізденістер	3	3
12	Профильді дайындау модулі	БД 2.2.11	VG 2211	Жоғарғы геодезия	3	4
13	Профильді дайындау модулі	БД 2.2.11.1	MOGS2211.1	Геодезиялық тораптарды математикалық өңдеу	3	4

14	Профильді дайындау модульі	БД 2.2.11.2	Grav2211.2	Гравиметрия	3	4
15	Профильді дайындау модульі	БД 2.2.9	ATGR 2209	Топографиялық геодезиялық жұмыстарды автоматтандыру	3	4
16	Профильді дайындау модульі	БД 2.2.9.1	KI 2209.1	Картографиялық ақпараттану	3	4
17	Профильді дайындау модульі	БД 2.2.10	Aef 2210	Аэрофотография	3	4
18	Профильді дайындау модульі	БД 2.2.10.1	PSRK2210.1	Картаны жобалау, құрастыру және редактрлеу	3	4
19	Профильді дайындау модульі	БД 2.2.10.2	PG 2210.2	Қолданбалы геодезия	3	4
20	Кәсіби дайындау модульі	ПД 2.3.4	Him2304	Химия	3	4
21	Кәсіби дайындау модульі	ПД 2.3.4.1	HF 2304.1	Фотоүрдістердің химиясы	3	4
22	Кәсіби дайындау модульі	ПД 2.3.5	DAS 2305	Аэроғарыштық суреттерді дешифрлеу	3	4
23	Кәсіби дайындау модульі	ПД 2.3.5.1	TD2305.1	Топографиялық дешифрирлеу	3	4

ТМОІ 2206. Геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу теориясы -3 кредит

Пререквизиттері: Математика, Жоғарғы математика, Геодезия.

Оқу мақсаты: Теориялық білімі мен және практикалық дағды мен жоғары квалификациялық мамандарды дайындау, әр түрлі геометриялық есептерді шығарғанда өлшеулердің нәтижелерін әр түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалануды үйрету.

Қысқаша мазмұны: Ықтималдық теорияның элементтері. Өлшеулердің классификациясы. Қателер және олардың түрлері. Кездейсоқ қателердің қасиеттері. Өлшеу қателері және олардың түрлері. Коррелаттық теңдеудің теориясы. Нормальді теңдеулерді есептеу. Параметрлік теңдеу. Байланыстың параметрлік теңдеулері. Параметрлік теңдеулердің түзетпелерін табу. Теңдеудің топтық тәсілдері. Коррелаттық теңдеудің тәсілін практикалық өткізу. Полигометриялық торды В.В. Поповтың полигондар тәсілімен теңдеу.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижеде студент геодезиялық өлшеулерді өңдеу теорияны білуі керек, алғашқы ақпараттануда математикалық өңдеу әдістерді игеру, математикалық статистиканың әдістерін игеру, өлшеу нәтижелердің нақтылығын және табылған негізгі шамаларды бағалап білу.

Постреквизиттері: Жоғарғы геодезия, Геодезия, Фотограмметрия, Ғарыштық геодезия, Ғарыштық фотограмметрия.

MZ 2206.1 Математика есептері-3кредит

Пререквизиттері: «Математика есептері» пәні жоғары оқу орындарын-дағы «Математика-1» мен «Математика-2» пәндер негізінде оқылады.

Оқу мақсаты: Математикалық әдістер кез-келген техникалық пәннің құрамдас бөлігіне айналып, техникалық ғылымдар математиканы кең көлемде қолданады. «Математика есептері» пәні курсының шеңберінде кәсіптік қызмет-те математикалық әдістерге сүйеніп, техникалық мәселелерді шешу және оны тиімді практикада қолдану бағыттары жүзеге асырылады. Пәннің мақсаты игерілген математикалық әдістерді өз саласында іскерлікпен қолдана алуын және әдістер көмегімен талдай алуын үйрету болып табылады.

Қысқаша мазмұны: игерілген математикалық әдістерді, заңдарды және математика теорияларының негізгі ұғымдарын техникалық есептерге пайдалана алуын; математикалық интуицияны жетілдіру; логикалық және алгоритмдік ойлау қабілетін дамыту; математикалық білімін өзі бетімен оқып толықтыру, кеңейту және қолданбалы есептерге – математикалық талдау жүргізе алуын қалыптастыру; жүргізілген математикалық талдау нәтижесінде практикалық ұсыныстар бере алуын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер: математикалық моделдерді құра білуі; математи-каның есептерді қоя білуі; математикалық әдістерді және есепті шешудің қажетті алгоритмін таңдай білуі; сапалы математикалық зерттеу жүргізе алуы; математикалық анализ жасау нәтижесінде практикалық нұсқаулар бере алуы;

Техникалық проблемаларды әртүрлі контексте шешуде және дағдылы бейімдендіруде шеберлік таныту қабілетін арттыру; Қазіргі кездегі техникалық құралдарды практикалық, тәжірибелік, инженерлік қызмет жасау кезінде ше-берлікпен пайдалану қабілетін қалыптастыру; Жұмыс істеу кезіндегі програм-малық және ақпараттық комплекстер мен қорғау жүйелеріне сараптама жасау, программа құру, проект енгізу қабілетін қалыптастыру; Нәтижелі – тиімді өзара қатынасты және командада жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.

Постреквизиттері: оқу жоспарына сәйкес жалпы білім беретін техникалық пәндер мен бітіріп шығарушы кафедрада оқылатын пәндерді оқып үйренуге мүмкүндік береді.

NGKG 2207 Сызба геометрия және компьютерлік графика – 3 кредит

Пререквизиттер - математика, геометрия және сызу пәндері; информатика.

Оқу мақсаты: студенттердің кеңістіктік пішіндерді жазықтықта бейнелеудің негізгі әдістерін меңгеруі; кеңістік пішіндерінің графикалық модельдері негізінде контруктивті-геометриялық ойлауды дамыту; сызбаларды оқуға және орындауға, эскиздерді және жұмыс сызбаларын орындауға қажетті білім алып, дағдылану.

Қысқаша мазмұны. Проекциялау әдістері. Аксонометрия. Монж эпюрі. Позициялық есептер. Метрикалық есептер. Көпжақтар. Сызбаны түрлендіру әдістері. Қисық сызықтар мен беттер. Сандық белгілері бар проекциялар. Құрылыс алаңында жер жұмыстарының үйінділері мен қазындыларын анықтау. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі (ҚҚБЖ) туралы түсінік. Мемлекеттік және халықаралық стандарттар. Сызбаларды рәсімдеудің негізгі ережелері. Геометриялық салулар. Кескіндер: көріністер, тіліктер және қималар. Бұрандалар. Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер. Эскиздеу. Құрастырылған бұйымдардың сызбасын орындау. Құрастырылған бұйым сызбасын оқу және тетікбөлшектеу. AutoCAD графикалық жүйесін меңгеру. AutoCAD жүйесінде моделдеу (2D және 3D модель) және сызбаларды орындау.

Күтілетін нәтижелер: студенттер кеңістік пішіндерін жазықтыққа кескіндеу әдістерін меңгеруі және сызбаларын орындауы. **Білуі керек:** сызба геометрия есептерін

шығарудың, тетікбөлшектердің эскиздерін, жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын оқып және тетікбөлшектеудің сызбаларын сызудың теориясын. Сызбаларды және суреттерді орындау үшін AutoCAD графикалық жүйесін білуі керек. Компьютерлік графиканың басқада графикалық жүйелері туралы түсініктері болуы керек. **Меңгеруі қажет:** сызба геометрияның кешенді сызбаларын, тетік бөлшектердің эскиздерін және жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын, құрастыру сызбаларын оқып және тетікбөлшектеудің орындауға дайын болуы керек. AutoCAD жүйесінде сызбалар мен суреттерді орындай білу керек.

Постреквизиттер - «Сызба геометрия және компьютерлік графика» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, геодезия және картография мамандығының оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

IG 2207.1 Инженерлік графика - 3кредит

Пререквизиттер - математика, геометрия және сызу; информатика.

Оқу мақсаты: студенттердің кеңістіктік пішіндерді жазықтықта бейнелеудің негізгі әдістерін меңгеруі; кеңістік пішіндерінің графикалық модельдері негізінде контруктивті-геометриялық ойлауды дамыту; сызбаларды оқуға және орындауға, эскиздерді және жұмыс сызбаларын орындауға қажетті білім алып, дағдылану.

Қысқаша мазмұны. Проекциялау әдістері. Аксонометрия. Монж эпюрі. Позициялық есептер. Метрикалық есептер. Көпжақтар. Сызбаны түрлендіру әдістері. Қисық сызықтар мен беттер. Сандық белгілері бар проекциялар. Құрылыс алаңында жер жұмыстарының үйінділері мен қазындыларын анықтау. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі (ҚҚБЖ) туралы түсінік. Мемлекеттік және халықаралық стандарттар. Сызбаларды рәсімдеудің негізгі ережелері. Геометриялық салулар. Кескіндер: көріністер, тіліктер және қималар. Бұрандалар. Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер. Эскиздеу. Құрастырылған бұйымдардың сызбасын орындау. Құрастырылған бұйым сызбасын оқу және тетікбөлшектеу.

Күтілетін нәтижелер: студенттер кеңістік пішіндерін жазықтыққа кескіндеу әдістерін меңгеруі және сызбаларын орындауы. **Білуі керек:** сызба геометрия есептерін шығарудың, тетікбөлшектердің эскиздерін, жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын оқып және тетікбөлшектеудің сызбаларын сызудың теориясын. **Меңгеруі қажет:** сызба геометрияның кешенді сызбаларын, тетік бөлшектердің эскиздерін және жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын, құрастыру сызбаларын оқып және тетікбөлшектеудің орындауға дайын болуы керек.

Постреквизиттер - «Инженерлік графика» пәнін оқығаннан кейін алатын білім мен дағдылары, геодезия және картография мамандығының оқу жоспарындағы арнайы пәндерді меңгеруге қажет болып табылады.

FPG 2208. Қолданбалы геодезиядағы физика -3 кредит

Пререквизиттері: Жоғарғы математика, Геодезия, Физика.

Қысқаша мазмұны: Геодезияның тәжірбиелік және ғылыми шешімдерінің әдістері математика және физика заңдарына сүйенеді. Физиканың мәліметтері әсіресе – оптика, электроника және радиотехника геодезиялық аспаптарды және олардың дұрыс қолдануына керек. Жердің пішінін оқу есебі және оның гравитациялық өрісінің есептері механиканың заңдарына сүйене отырып есептелінеді. Геодезиялық өлшемдердің негізгі замануи ғарыштық әдісі; сирек инженерлік кешендердің күйін техникалық диагностикасы; құрылысты және инженерлік ғимараттарды қолдануды геодезиялық қамтамасыз ету; ғимарат объектілерінің геодезиялық сараптамасы; қазіргі уақыт тәртібі бойынша құбылыстардың және объектілердің кеңістіктік мониторингі.

Оқу мақсаты: Пәннің бас мақсаты: жоғары квалификациялық мамандарды дайындау. Сонымен қатар пәннің үйрету мақсаты: оптикалық физиканың заңдарын; планмен профильдерді жасау үшін әр түрлі участкелерде, алаңдарда және трассаларда

топографо- геодезиялық ізденістерді өткізу; инженерлік геодезиялық жобалау бұл – инженерлік мақсат үшін, құрылыс жұмыстарға геодезиялық мәліметтерді дайындау үшін жер рельефін өзгерту; жер бетіне жобаны шығару, ғимараттардың өстерін детальді бөлу; планмен биіктік бойынша конструкциямен технологиялық жабдықтарды дұрыстау, атқару түсірістерді жасау; ғимараттардың деформациясын бақылау.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқу нәтижеде студент аспаптардың оптикалық құрылысын білуі керек. Кәзіргі заманда пайдаланатын электрондық аспаптардың оптикалық құрылысын білуі керек. Ғимараттардың деформациясын бақылауды білуі керек.

Постреквизиттері: Маркшейдерлік геодезиялық түсірістердің нәтижесін математикалық өңдеу теориясы; Заманауи геодезиялық аспаптар.

FZ 2208.1 Есептердегі физика – 3 кредит

Пререквизиттер: Физика I FIZ(1)1204.. Математика I Mat (I)1201.

Оқыту мақсаты: Курс жоғары мектеп түлектерінің инженерлік-техникалық іскерлігін арттыру мақсатында мамандықтың ғылыми-техникалық проблемаларын қарастыру үшін физиканың кейбір бөлімдерін тереңдетіп оқытуға арналған.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курста студенттердің инженерлік ой-өрісін дамытуға негіз болатын қолданбалы есептер ұсынылады. Пән мынандай тарауларды қамтиды: механика, статистикалық физика және термодинамика, тұтас орталар механикасы, электр және магнетизм, оптика, атомдық және ядролық физика. Айтылған бөлімдерді тереңдетіп игеру оқушыларға нақты термодинамикалық циклдарды талдауға дағдыланып, жылу-массатасымалдаудың физикалық принциптері, серпімділік пен пластикалық теориялары, электротехника элементтерімен танысып, оларды технологиялық машиналар мен жабдықтарды есептеу, құру және пайдалану барысында қолдануға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер: студент болашақ қызметінде қолданбалы және теориялық есептерді қою, тұжырымдау және шешу үшін физикасымен байланысқан негізгі ұстанымдарды, принциптерді, теорияларды түсіне және қолдана білуі.

Постреквизиттер: жалпы кәсіби және арнаулы пәндер.

IG 2301 Инженерлік геодезия -3 кредит

Пререквизиттері: Математика, Физика, Механика, Сызба геометрия

Оқу мақсаты: ірі масштабтағы топографиялық карталар мен пландарды жасау үшін жүргізілетін геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу және оларды кен орындарын барлау, жобалау және қазып алу кезінде пайдалана білу, геодезиялық аспаптармен жұмыс істеуге машықтану, геодезиялық өлшеу тәсілдерін оқып үйрену кездерінде теориялық терең білім беру.

Қысқаша мазмұны: Жердің пішіні, координаталар жүйесі, топографиялық карталар мен пландар туралы толық білім; өлшеу қателері теориясынан млімет; геодезиялық түсірістер, өлшеулер, өлшеу дәлдігі; өлшеу нәтижелерін өңдеу және дәлдігі; құрылыс алаңдарында жүргізілетін арнайы геодезиялық жұмыстар; қазіргі заманғы жаңа геодезиялық аспаптардың түрлері және олармен жұмыс істеу .

Күтілетін нәтижелер: Геодезиялық әдістерді пайдалана отырып, өндірісте іс жүзінде жүзеге асыру арқылы тиімді, қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік жасау және құрылыс салу жұмыстарын геодезиялық істермен қамтамсыз ету.

Постреквизиттері: Өндіріс алаңдарда геодезиялық жұмыстар, Ғимараттардың деформацияларын бақылау.

Kart 2301.1 Картатану – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика, Геодезия, Физика, Картография

Оқу мақсаты: Жоғарғы білімді мамандарды картадан қандай да болсын өлшеу әдістерін игеруді, картаны құруда картографиялық әр түрлі проекцияларды таңдауды, жобалауды және құру есептерді шешуде әр түрлі тәсілдер мен әдістерді қолданып теориялық білім мен іш жүзінде машықтанумен дайындау.

Қысқаша мазмұны: Карта бойынша өлшеуді жүргізу әдісі. Карта бойынша бұрыштарды, сызық ұзындықтарын және алаңдарды анықтау. Карта анализ қабылдау жүйесі. Графналитикалық әдіс, математикалық картографияны модельдеу. Екі өлшемді және үш өлшемді графикалық модельдер. Бедердің сандық мінездемесін анықтау. Бедер көмегімен картада өлшем жасау. Ірі және ұсақ масштабтағы картаның географиялық координатасын анықтау. Ұсақ масштабты картаның алаңын анықтау. Геодезиялық карта негізі. Меридиан доға ұзындығын есептеу. Карта номенклатурасының картографиялық проекциясы. Топокарттар проекциясы.

Күтетін нәтиже: Пәнді оқуда студенттің алатын білімі: Карталардан өлшеу дәлдігін, әр түрлі проекцияларды таңдау мен жобалап құруда өлшемдерді есептеу дәлдігін алады. Бұл сұрақтарды студент оқу кезінде: картографиялық өлшемдерді өңдеудің тәсілін таңдайды. Карта бойынша бұрыштарды, сызық ұзындықтарын және алаңдарды анықтау. картографиялық материалдар бойынша әр түрлі проекцияларды жобалайды, алынған нәтижелерді бағалайды.

Постреквизиттер: Тематикалық картографиялау, Топографиялық картографиялау

Aefs 2302 Аэрофототүсіріс-3 кредит

Пререквизиттер: жоғары математика; физика.

Оқытудың мақсаты: аэрофототүсіріс жүргізу технологиясы негіздерін теориялық және практикалық оқу (Жерді қашықтықтан зондтау).

Қысқаша мазмұны. Авиациялық метеорология негіздері: негізгі метеорологиялық элементтер, ұшуды метеорологиялық қамтамасыздандыру. Авиациялық техника негіздері: көтерілу күшін құру принциптері, әуе кемелерінің техникалық сипаттамалары, аэрофототүсірістегі ұшақты басқару (АФТ). Жоспарлы АФТ негізгі элементтер. АФТ материалдарына қойылатын талаптар. Аэрофототүсіру құрылғылары: аэрофотоаппараттардың оптикалық жүйелері, аэрофотоаппараттарды калибровкалау әдістері, экспонирлеу жүйелері, затворлар түрлері; бейнені қозғату компенсацияларының әдістері; сандық аэрофотоаппараттар.

Күтілетін нәтижелер:

- аэрофототүсіріс жұмыстарын жүргізу технологиясы негіздерін теориялық және практикалық білу;
- аэрофототүсіріс шарттарын метеорологиялық және техникалық талдай білу;
- аэрофототүсірістің техникалық және экономикалық параметрлерін санауды, түсіріс материалдарының сапасын бағалауды игеру.

Постреквизиттер: аэрофотография, фотограмметрия, картография, дешифрлеу, аэроғарыштық түсіріс әдістері.

КМК 2302.1 Картометрия және математикалық картография – 3 кредит

Пререквизиттер: Математика, Геодезия, Физика, Картография

Оқу мақсаты: Жоғарғы білімді мамандарды картадан қандай да болсын өлшеу әдістерін игеруді, картаны құруда картографиялық әр түрлі проекцияларды таңдауды, жобалауды және құру есептерді шешуде әр түрлі тәсілдер мен әдістерді қолданып теориялық білім мен іш жүзінде машықтанумен дайындау.

Қысқаша мазмұны: Өлшеу қателігінің теория элементтері. Өлшеу қателігінің түрлері. Карта бойынша өлшеуді жүргізу әдісі. Карта бойынша бұрыштарды, сызық ұзындықтарын және алаңдарды анықтау. Карта анализ қабылдау жүйесі.

Графоаналитикалық әдіс, математикалық картографияны модельдеу. Екі өлшемді және үш өлшемді графикалық модельдер. Бедердің сандық мінездемесін анықтау. Бедер көмегімен картада өлшем жасау. Ірі және ұсақ масштабтағы картаның географиялық координатасын анықтау. Ұсақ масштабты картаның алаңын анықтау. Геодезиялық карта негізі. Меридиан доға ұзындығын есептеу. Карта номенклатурасының картографиялық проекциясы. Топокарттар проекциясы.

Күтетін нәтиже: Пәнді оқуда студенттің алатын білімі: Карталардан өлшеу дәлдігін, әр түрлі проекцияларды таңдау мен жобалап құруда өлшемдерді есептеу дәлдігін алады

Бұл сұрақтарды студент оқу кезінде: картографиялық өлшемдерді өңдеудің тәсілін таңдайды. Карта бойынша бұрыштарды, сызық ұзындықтарын және алаңдарды анықтау. картографиялық материалдар бойынша әр түрлі проекцияларды жобалайды, алынған нәтижелерді бағалайды.

Постреквизиттер: Тематикалық картографиялау, Топографиялық картографиялау

IGI 2302.2 Инженерлік геодезиялық ізденістер -3 кредит

Пререквизиттері: Математика, Геодезия, Геодезиялық өлшеулерді математикалық өңдеу теориясы, Инженерлік геодезия.

Оқу мақсаты: Келекшектегі мамандарға негізгі топографиялық геодезиялық жұмыстар бойынша теориялық негіздер мен практикалық білімді беру, жобалауға, құрылысқа немесе өндіріс орынды реконструкциялауға топографиялық геодезиялық мағлұматтарды табуды үйрету, геологиялық, гидрометеорологиялық және басқа инженерлік ізденістердің түрлерін жасауды оқыту.

Қысқаша мазмұны: Инженерлік ізденістер туралы қысқаша мәліметтер. Экономиялық ізденістер. Инженерлік геологиялық ізденістер, олардың мақсаты және құрамы. Инженерлік гидрометеорологиялық ізденістер. Инженерлік геодезиялық ізденістердің арнауы мен құрамы. Сызық құрылыстарды әр түрлі жобалау стадияларда инженерлік геодезиялық ізденістердің құрамы. Каналдарды, магистральді құбырларды, электр өткізу сызықтарды, байланыс сызықтарды ізденіс өткізудің ерекшелігі. Алаңдық құрылыстарды әр түрлі жобалау стадияларда инженерлік геодезиялық ізденістердің құрамы. Ірі масштабты топографиялық түсірістер.

Күтілетін нәтижелер: Ірі масштабты топографиялық түсірістерді жасау. Өндірісте геодезиялық аспаптарды пайдалану. Ізденістерде мамандық инженерлік геодезиялық жұмыстарды жасау.

Постреквизиттері: Өндіріс алаңдарда геодезиялық жұмыстар. Құрылыс деформацияларды бақылау. Қолданбалы геодезия.

VG 2211 Жоғарғы геодезия – 3кредит

Переквизиттер: Физика, Жоғарғы математика, Геодезия.

Оқу мақсаты: болашақ мамандарға жергілікте мемлекеттік геодезиялық торлар мен арнайы торларды жасау, дамыу және жағарту кезіндегі жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулер жүргізу әдістері мен құралдары туралы; нүктелердің әртүрлі координаттар жүйесіндегі жоспарлық-биіктіктік жағдайын анықтау үшін Жердің гравитациялық өрісіндегі геодезиялық өлшеулер нәтижелерін математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері туралы; жердің эллипсоидының геометриясы туралы; Жердің гравитациялық өрісінің пішіні, өлшемдері туралы; гидродинамикалық процестердің геодезиялық мониторингін ұйымдастыру туралы теориялық және практикалық білім беру.

Қысқаша мазмұны: Жоғарғы геодезия пәні және міндеттері. Негізгі түсініктері және анықтамалары. Сыртқы гравитациялық алқаптың және Жер пішінінің оқудағы негізгі тәсілдер. Қазақстан республикасының мемлекеттік геодезиялық тораптары,

олардың мәні, сұлбасы және құру принципі, қазіргі жағдайы. Пландық геодезиялық тірек тораптарды құру тәсілдері. Жоғарғы дәлдікті бұрыштық әдістер, аспаптар. Геодезиялық тірек тораптарды құрудағы ЖЖС пайдаланудың жалпы принциптері. Спутниктік навигациялық жүйелер. Жоғарғы дәлдікті нивелирлеу. Жоғарғы дәлдікті сызықтық өлшеулер. Алдын ала есептеу. Параметрлік және коррелаттық әдістермен тораптарды теңдеу. Сфероидтік геодезия. Жер эллипсоидының негізгі параметрлері. Өртүрлі эллипсоидтар координаттар жүйесімен байланыс параметрлерін анықтау. Жергілік координат жүйесі. Жердің гарвитациялық алқабы. Отвествтік сызықтың ауытқуы. Биіктік есептеу жүйесі. Геодезиядағы редукциялық есептер. Жербетінің жылжуын заманауи геодезиялық тәсілдермен анықтау.

Күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік геодезиялық тораптарды, нивелирлік тораптарды құру, дамыту және жаңартудағы далалық және камералдық жұмыстардың тәсілдерін игеру. Жоғарғы дәлдікті геодезиялық жұмыстарды заманауи аспаптар, жабдықтар және технологияларды пайдалана отыра тәсілдерді игеру. Жоғарғы дәлдікті геодезиялық өлшеулердің нәтижелерін математикалық өндеуді орындаудағы қабілеті.

Постреквизиттер: Спутниктік навигациялық жүйе, Ғимараттардың деформацияларын бақылау; Ғимарат көтеру барысындағы геодезиялық жұмыстар.

MOGS 2211.1 Геодезиялық тораптарды математикалық өндеу-3кредит

Пререквизиттер: Жоғарғы геодезия, Геодезиялық өлшеулерді математикалық өндеу теориясы, Спутниктік навигациялық жүйелер, Геоақпараттық жүйелер.

Оқу мақсаты: Мемлекеттік геодезиялық тіректорларды спутниктік навигациялық жүйелердің, жасанды жерсеріктерді локациялау арқылы, ұзынбазисті интерферрометрия көмегімен құру және жетілдіру әдістерінің теориялық және практикалық негіздерін болашақ мамандарға үйрету.

Қысқаша мазмұны: Негізгі геодезиялық жұмыстардың даму тарихы. ҚР мемлекеттік геодезиялық тіректорлары және олардың қазіргі жағдайы. Геоцентрлік және референттік координат жүйелері, оларды түрлендіру әдістері. Спутниктік әдіспен құрылатын геодезиялық тіректорлардың әлемдік практикадағы классификациясы. Қазақстанның геодезиялық тіректорларын спутниктік технологиялар негізінде құру. Спутниктік навигациялық жүйелерді, ұзынбазисті интерферрометрді, ЖЖС лазерлік локациялау әдістер көмегімен МГТ құру әдістері. Мемлекеттік нивелирлік тор, оның атқаратын қызметі және талап етілетін дәлдігі. Жоғарғы дәлдікті нивелирлеу әдістері. Нивелирлік желілерді гравиметриялық қамтамасыз ету. Геодезиялық биіктіктерді спутниктік навигациялық жүйелердің көмегімен анықтау. Геодезиялық торларды өндеу және теңестіру.

Күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік геодезиялық тіректорлар және нивелирлік торларды құру және математикалық өндеудің қазіргі заманғы әдістерін игеру. Координат жүйелерін және оларды түрлендіру әдістерін игеру. Қазіргі заманғы жоғары дәлдікті аспаптар көмегімен биіктік және пландық жоғары дәлдікті торларда өлшеулер жүргізу. Геодезиялық өлшеулер, астрономиялық бақылаулар және гравиметриялық анықтамалар технологиясы мен әдістері арқылы ғылыми-техникалық ақпараттарды өндеу, жинау және анализдеу қабілеті. Ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулерді ұйымдастыру және жүргізудің техника-нормативтік құжаттарын әзірлеу. Жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулерді жүргізу барысындағы мәселелерді шешу әдістерін және бағдарламаларын дайындау.

Постреквизиттері: пәннен алынған білім магистерлік диссертация жазуда қолданылады.

Grav2211.2 Гравиметрия-3кредит

Пререквизиттері: жоғары математика, физика, өріс теориясы, жоғарғы геодезия.

Оқу мақсаты: Жер бетінде ауырлық күшінің өзгеруін зерттейтін ғылым – *геофизика*, оның бір саласы *гравиметрия*. Жер бетінде таралатын ауырлық күшунің сфералық формадан ауытқуын зерттейтін ғылым – *геодезия*. Сонда гравиметрияның алдында екі үлкен мақсат: а) Жер формасын (пішінін) зерттеу; в) Жер қыртысын құрайтын тау жыныстардың құрамын, құрылысын және күйін және де олардың дамуын зерттеу, Жердің ауырлық күшінің үдеуі арқылы геологиялық ортаны зерттеу, пайдалы қазбаларды табу, олардың геометриялық мөлшерлерін бағалауға және физикалық қасиеттері арқылы геологиялық денелердің геологиялық табиғатын анықтауға бағытталған.

Қысқаша мазмұны: Гравиметриялық немесе гравитациялық барлау (қысқаша гравитарлау) – бұл Жер бетіне жақын жатқан қабаттарда, суда және ауада ауырлық күшінің таралу заңдылықтарын зерттеуге негізделген және пайдалы қазба кен орындарын табу үшін пайдаланатын Жер қыртысын зерттеудің геофизикалық әдісінің бірі. Ауырлық күшінің өрісі массасы бар барлық денелердің Ньютонның тарту заңымен анықталады. Жер біртекті болмайтындықтан және Жердің айналуына байланысты ауырлық күшінің өрісі Жер бетінде тұрақты болмайды. Ауырлық күшінің өзгерулері өте азғантай және оларды зерттеу үшін сезгіштіліктері жоғары аспаптар керек. Гравитациялық өрісінің өлшенетін негізгі параметрлерімен ауырлық күші үдеуі мен градиенттер (әр түрлі бағыттардағы үдеудің өзгерулері) болады. Ауырлық күші өрісінің параметрлерінің мәндері біріншіден Жердің айналуы мен өзіне тартуына тәуелді (қалыпты өріс), екіншіден – Жер қыртысын құрайтын тау жыныстар тығыздығының біртекті еместігімен (аномалды өріс) анықталады. Жердегі ауырлық күшінің тұрақты болмағандығынан (әр бөлігінде) осы екі негізгі себептер гравиметрияны екі бағытта дамуына 1) геодезиялық гравиметрия; 2) гравитациялық барлау; әкелді.

Күтілетін нәтижелер: бұл пәнді оқып болған соң студент Жердің пайда болу теориясын, ауырлық күшінің пайда болуын, ауырлық күшін өлшеу аспаптарын және олардың жұмыс істеу принципін білуі қажет

Постреквизиттер: геофизикалық мағлұматтарды кешендеу.

АТGR 2209 Топографиялық геодезиялық жұмыстарды автоматтандыру – Зкредит

Пререквизиттер: математика, физика, геодезия.

Оқу мақсаты: Обучение студентов методам измерения на современных электронных тахеометрах и способам машинной обработки выполненных измерений, создания топографических карт по автоматизированной технологии.

Қысқаша мазмұны: Берілген өлшемдердің сұрақтары геодезиялық автоматизациялау қарастырылады. Автоматтау құралдарына шолу. Топографиялық пакеттердегі бағдарламалық өнімдер мүмкіндігі. Спутниктік навигация аспаптары. Электрондық тахеометрлер. Microsoft Excel бағдарламасы. Топографиялық жоспар құрудың автоматтандырылған технологиясы. CREDO-DAT жүйесіндегі жұмыстарды ұйымдастыру. CREDO-DAT жүйесінде нивелирлік жүрісті теңестіру. CREDO-DAT жүйесінде геодезиялық тораптарды теңестіру. CREDO-MIX жүйесінде жер бедерінің сандық моделін жасау. CREDO-MIX жүйесіндегі жағдайдың сандық моделін жасау. CREDO-TER жүйесінде үйіндінің көлемін есептеу.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқудың мәні, студенттерге техникалық және геодезиялық өлшемдердің бағдарламаларда өңдеуін үйрену, геодезиялық жұмыстардың камералдық өңделуін автоматтандыру үшін арналған арнайы бағдарламаларды, CREDO жүйесінде әр-түрлі масштабта сандық пландарды құруды үйрену және т.б.

Постреквизиттер: инженерлік геодезия, құрылыстағы деформацияны бақылау.

KI 2209.1 Картографиялық ақпараттану – Зкредит

Пререквизиттер: математика, физика, электротехника, информатика, картография.

Оқу мақсаты: ғылыми зерттеудегі виртуалды орта геоинформациондық жүйедегі, моделдеу және геодезиялық жағдайды нағыз тани біліп карта жасауда қолдану

Қысқаша мазмұны: ақпараттық технологияны және ақпараттық жүйе туралы түсінікті карта жасауда немесе карта тануда қолдану. Объектінің графикалық түсініктемесі және олардың атрибуттары. Мәліметтер базасы және СУБД. ГИС мәліметтерінің көпқабатты моделдері. ГИС мәліметіндегі жүйелік түзерулер. ArcGIS географиялық ақпараттық жүйе.

Күтілетін нәтижелер: курс біткеннен кейін студенттер келесі білімдері мен іс тәжірибелік машықтануы керек: - ГИС идеологиясын және олардың басқа оқытылатын пәндер арасындағы орнын түсіне білу; - ГИС программасымен карта жұмысын жасауда машықтану. Мәліметтердің көрінісі. Қабатталған картографиярлау.

Постреквизиттер: Сандық моделдер және жергілікті жердің картасы, ғарыштық фотограмметрия, жербетінің дистанционных зондтау.

Аef 2210 Аэрофотография– 3кредит

Пререквизиттер: жоғары математика; физика, информатика, аэрофототүсіріс.

Оқытудың мақсаты: фотографиялық бейнелерді алудың сандық технология негіздерін теориялық және практикалық оқу, олардың сапасын бағалау және талдау.

Қысқаша мазмұны. Фотографиялық процестердің физикалық негіздері. Аналогты фотография негіздері. Сандық фотография негіздері: электронды сәуле қабылдағыштар. Аналогты және сандық фотографияның қасиеттерін бағалау параметрлері. Сандық аэроғарыштық түсірістердің қасиеттері және өңделуі.

Күтелігін нәтижелер:

- фотографиялық процестердің теориялық негіздерін білу;
- сандық және аналогты фотографиялық бейнелердің сапасын талдауын игеру;
- сандық және аналогты фотографиялық процестерді жүргізудің практикалық тәсілдерін үйрену.

Постреквизиттер: фотограмметрия, картография, дешифрлеу, аэроғарыштық түсіріс әдістері.

PSRK2210.1 Картаны жобалау, құрастру және редактрлеу– 3кредит

Пререквизиттер: Геодезия, Фотограмметрия. Картография, Геоинформатика

Оқу мақсаты: Карталарды жасауда қажет әуеғарыштық суреттерді және топонегізді пайдаланып теориялық және практикалық негізінде білетін біліктілігі жоғары мамандарды дайындау.

Қысқаша мазмұны: Картографияда сандық картаны қолдану. Сандық картаның мақсаты. Бейнелеу туралы түсінік, сандық бейнелеуді алудың тәсілдері. Картадағы бейнелерді бақылау және өлшеу. Картадағы жүйелер және олардың электрондық карталар (планлар) жасаудағы негізгі сипаттамалары. Ситуацияның сандық моделі мен рельеф моделін құру. Картаның автоматтандырылған жүйелері. Тематикалық карталарды жасау үшін әуеғарыштық суреттерді өңдеуді программалық қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқуда студент мынадай туралы білімдерді алады: әуеғарыштық суреттерді сандық өңдеудің әдістері, сандық бейнелерді бақылау және өлшеу тәсілдері, ситуацияның сандық моделі мен рельеф моделін құру теориясы.

Бұл мәселелерді оқу студенттерге мыналарды үйретеді: Әртүрлі масштабтарда карталарды жасау және жанарту үшін программалық қамтамасыз етуді қолдана отырып әр-түрлі режимде сандық суреттерді өңдеуді орындау.

Постреквизиттер: Карта шығару

PG 2210.2 Қолданбалы геодезия – 3кредит

Пререквизиттер: Математика, Геодезия, Геодезиялық өлшемдердің нәтижелерін математикалық өңдеу теориясы, Инженерлік геодезия.

Оқу мақсаты: болашақ мамандарды теориялық негіздерімен таныстыру жалпы принциптері, ізденістегі инженерлік-геодезиялық жұмыстардың технологиясы және тәсілдері, жобалау, ғимараттарды қайта құру мен эксплуатациялау және технологиялық құрылғылар.

Қысқаша мазмұны: Ғимараттың геометриялық негізі. Бөлу жұмыстарының принциптері. Бөлу жұмыстарының элементтері. Бөлу жұмыстарының негізгі әдістері.

Ғимаратты бөлу технологиясы. Жобаны геодезиялық дайындау: аналитикалық есеп, бөлу сызбаларын құру, өндірістік геодезиялық жұмыстардың жобасы (ӨГЖЖ). Ғимараттың негізгі және бас осьтерін жер бетіне көшіру. Ғимаратты қайта құру процесінде геометриялық формасы мен элементтер өлшемдерін геодезиялық қамтамасыз ету. Торлардың түрлері мен мәні, құру ерекшеліктері. Құрылған территориядағы бұрыштық өлшемдердің ерекшеліктері. Применение электронды тахеометрлерді қолдану. Геодезиялық құрылыс торлары. Инженерлік-геодезиялық тораптарды құрудағы және дамытудағы жерсеріктік әдісті қолданудың ерекшеліктері. Ірімасштабты инженерлік-геодезиялық түсірістер. Түсірістің түрлері мен мақсаты. Тәсілдер мен аспаптар. Жер үсті мен жер астындағы инженерлік ғимараттарды салудағы геодезиялық жұмыстар. Орындаушылық түсіріс.

Күтілетін нәтижелер: Құрылыстың әртүрлі этаптағы нақты түрлерін инженерлік-геодезиялық жұмыстардың техникалық жобасын өңдеу қабілеті.

Заманауи құралдармен және дәстүрлік әдістермен далалық өлшемдерді орындау қабілеті. Құрылыстың әртүрлі этаптағы геодезиялық өлшемдердің нәтижелерін өңдеу қабілеті.

Постреквизиттер: Құрылыста деформацияны бақылау.

Нім2304 Химия – 3кредит

Пререквизиттер: математика, физика

Оқу мақсаты: Студенттерге химия ғылымының негізгі ұғымдары мен заңдарының көмегімен химиялық құбылыстар, олардың, жүру заңдылықтары, химиялық қосылыстар, олардың құрылысы, қасиеттері туралы білімді меңгерту. Теориялық білімнің негізінде студенттердің химиялық ғылыми ойлауын, химиялық көзқарасын қалыптастыру.

Химия ғылымының теориялық және практикалық даму болашағын көрсету. Кең өрісті, жан-жақты интеллектуальды, зиялы, білімін келешекте тәжірибе жүзінде қолданатын іскер, білімді маман дайындауға ат салысу.

Қысқаша мазмұны: Берілген курс химияның жалпы теориялық және тәжірибелік аспектілерін қамтиды.

Күтілетін нәтижелер: Студенттерге химия ғылымының негізгі ұғымдары мен заңдарының көмегімен химиялық құбылыстар, олардың жүру заңдылықтары, химиялық қосылыстар, олардың құрылысы, қасиеттері туралы білімді меңгерту. Теориялық білімнің негізінде студенттердің химиялық ғылыми ойлауын, химиялық көзқарасын қалыптастыру. Химия ғылымының теориялық және практикалық даму болашағын көрсету. Кең өрісті, жан-жақты интеллектуальды, зиялы, білімін келешекте тәжірибе жүзінде қолданатын іскер, білімді маман дайындауға ат салысу.

Постреквизиттер: «Химия» пәні бойынша алынған білімдерді студенттер мамандық бойынша оқылатын арнайы пәндерде, сонымен қатар, әр түрлі технологиялық проблемаларды шешуде, химиялық заңдар мен заңдылықтарды қоршаған ортаны қорғауға және пайдалы кендерді тиімді қолдануда пайдалана алады.

HF 2304.1 Фотобарыстар химиясы – 3 кредит

Пререквизиттер: Химия

Оқу мақсаты: Ұсақ молекулалардың фотобарыс химиясы, қарапайым қатынастардың актысын және молекулалардың жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Органикалық және органикалық емес фотобарыс химиясы. Фотобарыстар химиясы - химиялық қосындылар және фотохимиялық синтез әдісі арқылы фотосуретке айналдыруды оқытыды. Механикалық фотохимия фотофизикаға қатты байланысты фотохимиялық әрекеттің кинетикалық заңын және құрылымын, кванттық химияны, молекул құрылымының теориясын және басқада физикалық химияның бөлімдерін оқытады. Фотосуретпен байланысты фотолитография және басқада жазу барыстары мен ақпараттарды өңдеу, органикалық және бейорганикалық, өндірістік және зертханалық синтезді фотохимияны қолдануды маңызды тәжірибиеде қолдану.

Қысқаша мазмұны: Берілген курс химияның жалпы теориялық және тәжірибелік аспектілерін қамтиды.

Күтілетін нәтижелер: Студенттерге химия ғылымының негізгі ұғымдары мен заңдарының көмегімен химиялық құбылыстар, олардың жүру заңдылықтары, химиялық қосылыстар, олардың құрылысы, қасиеттері туралы білімді меңгерту. Теориялық білімнің негізінде студенттердің химиялық ғылыми ойлауын, химиялық көзқарасын қалыптастыру. Химия ғылымының теориялық және практикалық даму болашағын көрсету. Кең өрісті, жан-жақты интеллектуальды, зиялы, білімін келешекте тәжірибе жүзінде қолданатын іскер, білімді маман дайындауға ат салысу.

Постреквизиттер: «Химия» пәні бойынша алынған білімдерді студенттер мамандық бойынша оқылатын арнайы пәндерде пайдалана алады.

DAS 2305 Аэроғарыштық суреттерді дешифрлеу – 3кредит

Пререквизиттер: Геодезия, Картография

Оқу мақсаты: Жоғарғы білімді мамандарды әр түрлі масштабтарда топографиялық карталар мен пландарды құру мен жанартуда, аэроғарыштық және топографиялық емес суреттерді дешифрлеуде теориялық білім мен іш жүзінде машықтанумен дайындау

Қысқаша мазмұны: Дешифрлеудің анықтамасы, түрлері және тәсілдері. Танылатын объектілердің класси-фикациялары. Дешифрлеудің дистанциондық тәсілдері. Дешифрлеудің логикалық құрылымы. Дешифрлеу белгілері. Дешифрлеудің аэрофотографиялық негіздері. Аэрофототүсірістің оптималды параметрлерін таңдау. Топографиялық дешифрлеу тәсілдері. Дешифрлеуде қолданылатын аспаптар. Стационарлы аспаптардағы дешифрлеу ерекшеліктері. Топографиялық дешифрлеу кезіндегі генерализация. Топографиялық карталарды жанартудағы дешифрлеу. Тематикалық дешифрлеу. Фотографиялық емес, бейнелерді дешифрлеу. Ұсақ масштабты бейнелерді дешифрлеу.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқуда студенттің алатын білімі: аэроғарыштық суреттерді сандық өңдеу түрлері мен әдістері, аэроғарыштық және топографиялық емес бейнелерді дешифрлеу, дистанционды дешифрлеу әдістер теориясы.

Бұл сұрақтарды студен оқу кезінде: әр түрлі масштабта карталар мен пландарды құру мен жанартуда суреттерді дешифрлеу процессін орындау және топографиялық объекттерді генерализациялауда шешім қабылдайды.

Постреквизиттер: Жерді қашықтықтан зондылау, сандық фотограмметрия негізі, картографиядағы сандық фотограмметрия, қолданбалы фотограмметрия.

TD2305.1 Топографиялық дешифрирлеу– 3кредит

Пререквизиттер: Геодезия, Картография

Оқу мақсаты: Жоғарғы білімді мамандарды әр түрлі масштабтарда топографиялық карталар мен пландарды құру мен жанартуда, аэроғарыштық және топографиялық емес суреттерді дешифрирлеуде теориялық білім мен іш жүзінде машықтанумен дайындау

Қысқаша мазмұны: Дешифрирлеудің анықтамасы, түрлері және тәсілдері. Топографиялық дешифрирлеудің негізгі әдістері. Аэросурет және оның қасиеттері. Дешифрирлеу процессін орындаудың негізгі этаптары. Шартты белгілер жүйес. Әр түрлі масштабты суреттерде топографиялық бейнелердің бейнесі. Аэроғарыштық суреттерді далалық және камералды топографиялық дешифрирлеу. Топографиялық дешифрирлеудегі генерализация. Далалық және стационарлық аспаптарды қолданып дешифрирлеу негіздері. Топографиялық карталар мен пландарды жанартудағы дешифрирлеу. Тематикалық дешифрирлеу.

Күтілетін нәтиже: Пәнді оқуда студенттің алатын білімі: аэроғарыштық суреттерді сандық өңдеу түрлері мен әдістер теориясы, топографиялық объекттерді генерализациялау процессін орындау.

Бұл сұрақтарды студент оқу кезінде: аэроғарыштық суреттерді далалық және камералды топографиялық дешифрирлейді, далалық және стационарлық аспаптарды қолданып далалық дешифрирлеу процесстерін орындайды.

Постреквизиттер: Жерді қашықтықтан зондылау, сандық фотограмметрия негізі, картографиядағы сандық фотограмметрия, қолданбалы фотограмметрия.

Академиялық дәреже
Техника және технология бакалавры

3-ші курс

№	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	БД 3.2.13	ER 3213	Электротехника және радиоэлектроника	3	5
2	БД 3.2.13.1	ER3213.1	Электротехника	3	5
3	БД 3.2.14	LS3214	Лазерлік сканирлеу негізі	4	5
4	БД 3.2.14.1	DZZ3214.1	Жерді қашықтықтан зондтау	4	5
5	БД 3.2.16	OTG 3216	Еңбекті қорғау	3	6
6	БД 3.2.16.1	OTK3216.1	Геодезия мен картографияда еңбекті қорғау	3	6
7	БД 3.2.17	SNS 3217	Спутниктік навигациялық жүйелер	4	6
8	БД 3.2.17.1	IK 3217.1	Ғарыштық картографиялау	4	6
9	ПД 3.3.7	GI 3307	Геодезиялық аспаптану	3	6
10	ПД3.3.7.1	FOOP3307. 1	Опτικο-электрондық аспаптардың физикалық негізі	3	6
11	ПД 3.3.8	OCF 3308	Сандық фотограмметрия негізі	3	6
12	ПД 3.3.8.1	CFK 3308.1	Картографиядағы сандық фотограмметрия	3	6
13	ПД 3.3.9	Geif 3309	Геоинформатика	3	6

14	ПП 3.3.9.1	GK3309.1	Геоақпараттық картография	3	6
----	------------	----------	---------------------------	---	---

ЕЕ 3213 Электротехника және радиоэлектроника - 3 кредит

Пререквизиттері: Жоғары математика, Физика, Техникалық механика

Оқу мақсаты. Электротехника және электрониканың негіздері пәнін бакалаврға оқытудағы мақсат – электротехника мен электроникадан ілімі білімі және машығы бар маман дайындау. Оларда тұрақты және айнымалы ток тізбектері, өлшеуіш аспаптар һәм электрониканың негіздері туралы білімдерін қарапайым инженерлік есептерді шешу және өлшеуіш аспаптар мен құрылғыларды дұрыс пайдалану үшін қолдана алу дағдысын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны. Тұрақты және айнымалы ток тізбектері. Қабылдағыштың және тізбектің электрлік және техникалық параметрлері. Электрлік өлшеу және өлшеуіш аспаптар. Электрониканың элементтік негіздері: шала өткізгіштік резисторлар, диодтар, транзисторлар мен тиристорлар. Биполяр транзисторлы күшейткіштер. Операциялық күшейткіштер. Логикалық құрылғылардың элементтік негіздері.

Күтілетін нәтижелер. Геодезия және картография бакалаврлары:

- қарапайым электр тізбектерін шешу тәсілдерін біледі;
- өлшеуіш аспаптарын қолданып, негізгі электрлік шамаларды өлшей алады;
- электрлік және электрондық құрылғылардың паспорттық деректері бойынша олардың техникалық мүмкіндіктерін анықтай алады;
- күрделі емес электрондық аспаптардың жұмыс істеу принципін біледі және қолдана алады;
- негізгі графикалық шартты белгілерді біледі және күрделі емес электрлік һәм электрондық сұлбаларды оқи алады.

Постреквизиттері. Геодезия және картография ісіндегі электротехникалық және электрондық аспаптар мен құрылғылардың ілімі және қарекеттік (практикалық) тұрғыда қолданылуы.

ЕР 3213.1 Электротехника - 3 кредит

Пререквизиттері: Жоғары математика, Физика, Техникалық механика

Оқу мақсаты. Электротехника және радиотехниканың негіздері пәнін бакалаврға оқытудағы мақсат – электротехника мен радиотехникадан ілімі білімі және машығы бар маман дайындау. Оларда тұрақты және айнымалы ток тізбектері, өлшеуіш аспаптар һәм радиотехниканың негіздері туралы білімдерін қарапайым инженерлік есептерді шешу және өлшеуіш аспаптар мен құрылғыларды дұрыс пайдалану үшін қолдана алу дағдысын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны. Тұрақты және айнымалы ток тізбектері. Қабылдағыштың және тізбектің электрлік және техникалық параметрлері. Радиобайланыс жүйесінің сұлбалық құрылысы. Радиотолқындардың шыралануы (сәулеленуі) және әртүрлі ортада таралуы. Бергек (передатчик) пен қабылдағыштардың сипаттамалары мен негігі параметрлері.

Күтілетін нәтижелер. Геодезия және картография бакалаврлары:

- қарапайым электр тізбектерін шешу тәсілдерін біледі;
- өлшеуіш аспаптарын қолданып, негізгі электрлік шамаларды өлшей алады;
